

Педагогикалық кеңес

ХАТТАМА № 7

« 20 » наурыз 2023 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны– 25

Шағын орталық тәрбиешісі -1

Кітапханашы-2

Күн тәртібінде:

1. III тоқсанның білім сапасы қорытындысы.
2. Тәрбиенің кешенді бағдарламасының жүзеге асырылуы ( өзін өзі басқару ұйымы,көктемгі көркейту көгалдандыру жұмысы)
- 3.Оқушылардың бос уақытындағы жұмыстары.
4. Үйірме жұмыстары

**Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды :**

III тоқсанның білім сапасы қорытындысы туралы оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова сөз сойледі:

Мектеп бойынша 96 оқушы .Оның 88 оқушысы қорытылады.(2-11 сынып оқушылары). Үшінші тоқсанды 14 оқушы үздік оқушылар. 39 оқушы үлгерімі жақсы оқушылар, Үлгерімі төмен оқушылар –жөк.Мектептің білім сапасы -60 %.

Бір үші бар оқушылар:

|           |               |              |
|-----------|---------------|--------------|
| 2 б сынып | Сайлауов Амир | Ағылшын тілі |
|-----------|---------------|--------------|

Сайлауов Амир 2 б сынып оқушысы,Ағылшын тілі пәнінен,пін мұғалімі Бейсенбаева А.К.

Сынып бойынша білім сапалары,үлгерімдері :

| Сынып                   | Білім сапасы | үлгерімі | ескертпе |
|-------------------------|--------------|----------|----------|
| 2а                      | 62.5%        | 100%     |          |
| 2 б                     | 71.4%        | 100%     |          |
| 3 а                     | 75%          | 100%     |          |
| 3 б                     | 100%         | 100%     |          |
| 4 а                     | 60%          | 100%     |          |
| Бастауыш білім беру     | 74.1%        | 100%     |          |
| 5 а                     | 25%          | 100%     | төмен    |
| 5 б                     | 40%          | 100%     | төмен    |
| 6 а                     | 33%          | 100%     | төмен    |
| 6 б                     | 60%          | 100%     |          |
| 7 а                     | 55%          | 100%     | орташа   |
| 8 а                     | 55.5%        | 100%     | орташа   |
| 8 б                     | 25%          | 100%     | төмен    |
| 9 а                     | 75%          | 100%     |          |
| Негізгі орта білім беру | 50%          | 100%     |          |
| 10 б                    | 75%          | 100%     |          |
| 11 а                    | 66%          | 100%     |          |
| Жалпы орта білім беру   | 71,4%        | 100%     |          |
| Мектеп бойынша          | 60.2 %       | 100 %    |          |

Төмен білім сапа көрсеткен сынып жетекшілерді тыңдау:

5 а сынып жетекшісі Хурман Марияш,сыныпта 4 оқушы ,білім сапасы 25 пайыз. Үздік оқушы жөк. Үлгерімі жақсы оқушы -1 оқушы. (Серікпай Қарақат). Үлгерімі орташа оқушы -3 оқушы. Үш оқушы үлгерімі орташа мына пәндерден: математика,ағылшын тілі,жаратылыстану

5 б сынып жетекшісі Куц Е.А ,сыныпта 5 оқушы,үлгерімі жақсы оқушы -2.

Сыныптың білім сапасы -40 пайыз.Жанкабаев Нұрсұлтан орыс тілі,әдебиет пәнінен үштік бағалары бар.Пән мұғалімі қосымша тапсырмалар беріп,төрттік қатарына қосу.

6 а сынып жетекшісі Райымбек С.Р. сыныпта-6 оқушы, білім сапасы-33 пайыз құрайды.

**Әдістемелік бірлестік жетекшісі Е.Қуц сөз сөйледі:** Үлгерімі нашар оқушылар: Сайлауова Д, Кокенов Д, Кокенова Д. Бұл оқушы күнделікті сабақ барысында теориялық білімдерін жан-жақты көрсетті. Оқушылар жиынтық бағалау кезінде жақсы балдық көрсеткішке ие болды. Орта деңгейдегі оқушылар. Бұл оқушылардың теориялық білімдерін жан-жақты көрсете алмады. Сабақта бірнеше әдіс-тәсілдер қолданылды; қызығушылығын ояту, топпен жұмыс, оқулықпен жұмыс, кім шапшаң, венн диаграммасы, кесте толтыру әдістері сабақта қолданылып отырды. Бұл оқушыларға жекеленген тапсырмалар беріліп отырды. Жазба жұмыстарынан орта көрсеткіш көрсетті. 5 а, 6 а, 5 б, 7 а сыныптарда сабақта және сабақтан тыс уақытта қосымша сабақтар жүргізілді. Сыныптың сабаққа қатысуы және сабаққа дайындығы үнемі қадағаланып отырылды. Бұл оқушымен келесі тоқсанда топпен жұмыс кезінде, өз ара көмек көрсету арқылы, бірнеше әдіс тәсілдерді пайдаланып көрсеткішімізді көтереміз.

**Оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды:** Оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова І.І.ІІІ тоқсандарды салыстыру кестесі бойынша слайд ретінде көрсетті. (презентация бар)

**Мектеп директоры А.Аксентова сөз сөйледі:** IV - тоқсанда мына мақсаттардың орындалу нәтижесінде білім сапасын көтеруге болады. Алдағы уақыттарда ізденістер мен шығармашылық жұмыстар атқару арқылы көптеген жетістіктерге жетуге болады деген үміттеміз. Оқушыларға білім берумен қатар өз білімімді жетілдіріп отырамыз. Бұл сыныптарда (5а,б, 6 а, 7 а) сабақта және сабақтан тыс уақытта қосымша сабақтар жүргізілсін. Сыныптың сабаққа қатысуы және сабаққа дайындығы үнемі қадағаланып отырылсын. Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар мынандай: Сабақтан тыс қосымша дайындық сабақтары. Бағдарламаға жаңа материалдарды қосып отыру. Оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау, сынып жетекшісімен, ата-аналарымен байланыста болу.

**Екінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды:** Тәрбиенің кешенді бағдарламасының жүзеге асырылуы ( өзін өзі басқару ұйымы, көктемгі көркейту көгалдандыру жұмысы) Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматтық тәрбиелеу.

Міндеттері:

- білім алушылардың қабілеттері мен мүдделерін, мектепте бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау, білім беру ұйымын басқаруға қатысуға нақты мүмкіндік беру;
- ұжымдық өмір нормаларына, мемлекет заңдарына, адамдарға пайда әкелгісі келетіндігіне, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге оң көзқарас қалыптастыру;
- әрбір білім алушыны білім беру ұйымының қоғамдық өміріне тарту;
- өзіндік ойлау мен өзіндік сана-сезімді, көшбасшылық мінез-құлық дағдыларын, ұйымдастырушылық білімді, іскерлікті, ұжымдық және басшылық қызмет дағдыларын дамыту. "Мектеп парламенті" жұмыс жасайды. Олар: Өзін-өзі басқару ұйымы; Қамқорлық (еріктілік); Дебат қозғалысының фракциясы; Құқық және тәртіп фракциясы; Ақпарат фракциясы; Спорт және салауатты өмір салты.

**Үшінші сұрақ бойынша тәлімгер Б.Жұмабай тыңдалды:** Оқушылардың бос уақытындағы жұмыстары. Оқудан бос уақытында оқушы ортақ істің ұйымдастырушысы, белсенді қатысушысы болуға үлкен мүмкіндік алады. Бос уақытты жүйелі ұйымдастыру, мәдени құнды мазмұнмен толықтыру, әлемдік және отандық мәдениетке баулу, өзін-өзі саналы түде бағалай білу сияқты аса маңызды әлеуметтік- педагогикалық жолдарды шешуге көмектеседі. Мектептерде оқушылардың бос уақыттарын тиімді өткізуде әртүрлі мәдени шаралар, спорттық ойындар, мазмұнды мерекелер ұйымдастырылып тұрады. Оқушылардың сыныптан тыс уақыттағы ақыл- ой, танымдық сипаттағы әрекеттерін

күшейту - пәндік үйірмелер, бірлестіктер, қызығушылығы бойынша клубтар, оқушылардың ғылыми қоғамдар желісін құру, ұжымдық танымдық шығармашылық істерді жүргізу арқылы жүзеге асады. Жалпы алғанда, сыныптан тыс әрекеттер оқушылардың білімдерін кеңейтіп, жан- жақты ізденулеріне мүмкіндік жасайды, өзіндік таным іс- әрекеттердің қорытындысы шығады және сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылар тылсым дүниенің әртүрлі сырларын ұғынады.

Оқушының бос уақытын ұйымдастыру формалары. Қазіргі таңда мектеп табалдырығын аттаған әр бүлдіршін- ол ертенгі қоғам мүшесі, болашақ иесі. Сондықтан да бала тәрбиесіне адамзат үлкен мән берген. Тәрбие беру тек оқытумен шектелмейді, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта да жалғасып жатады. Болашағымызға сапалы білім беріп, саналы тәрбиелеу үшін мұғалім- дер әр түрлі әдіс- тәсілдерді шеберлікпен қолдануға тиіс. Оқушы бос уақытын пайдалы өткізуде тәрбие жұмысының бірден бір ерекшелігі – олар оқушылардың өз еркімен қатынасып, ұйымдастыруында. Екіншіден, оқушыларға оқытатын міндетті бағдарламалардан тыс, оның өткізу әдіс- тәсілдері оқушылардың ұсыныс- тілектеріне сай, жергілікті жағдайға байланысты өткізіледі. Үшінші бір ерекшелігі- әр түрлі сыныптар арасында өткізіліп, жас ерекшеліктеріне шектеу болмайды. Төртінші ерекшелігі- бала қабілетіне, ынта- жігеріне қарай өздігінен жұмыс істейді. Әрине оған бағыт- бағдарды мұғалім жүргізіп отырады, оқушы өзі ұйымдастырады. Бесінші ерекшелігі- қазіргі таңда қоғамдық – пайдалы қызметінің рөлінің өсуінде. Алтыншы ерекшелігі түрі мен әдістемелерінің көптігі. Олар: диспуттар, конференциялар, ертеңгіліктер, викториналар, т.с.с Сыныптан тыс жұмыс- тардың бірден – бір міндеті - өмірмен тығыз байланыстылығында. Сондықтан баланың шама- шарқына сай нәтижелі жұмыс жүргізу керек.

**8 «А» сыныптың сынып жетекшісі А. Джаканова сөз сөйледі:** Бос уақыттың пайдалануы көп ретте жеке адамның өндірістегі іс - қызметі мен ол жүзеге асыруға атсалысатын мәселелерге тәуелді және белгілі бір ұжымның сол адамға деген талап- тілегімен айқындалады. Бос уақыттығы әрбір іс – әрекет, қимыл ( мақсатсыз демалыстан басқасы) осы екі міндетті де атқарады. Мысалы, серуендеу, дене шынықтырумен шұғылдану- тынығуын қатар, жеке адамның этикалық тәрбиесіне де игі әсерін тигізеді. Сол себепті менің оқушыларым бос уақыттарын көңілді өткізеді.

**Төртінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары А. Жаксыбаева тыңдалды:**

Үйірме жұмысы оқушылардың шығармашылық, танымдық қабілеттерін ашып, кәсіби қызығушылықтарын одан әрі жетілдіруге талпындырады. Үйірме жұмысының мақсаты: бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау, шығармашыл балаларға қолдау көрсету. Оқушылардың өзі қызығатын саласында практикалық жұмыспен айналысатын бірлестік болғандықтан, оқушымен үйірме сабақтарында топтық және жеке жұмыстар жасалынады. Мектепте үйірме және секция жұмыстары жүргізілуде. Әр үйірменің жауапты мұғалімі бар.

Шешім:

1. III тоқсанның білім сапасы қорытындысын қанағаттанарлық деп саналсын.
2. Тәрбиенің кешенді бағдарламасының жүзеге асырылуы қалыптастыру, өзін өзі басқару ұйымының жұмысын жүйелі түрде жоспарлансын, көктемгі көркейту көгалдандыру жұмыстарын жалғастырылсын.
3. Оқушылардың бос уақытындағы жұмыстарын қанағаттанарлық деп саналсын.
4. Үйірме жұмыстарындағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық технологияларды кеңінен қолдану, жана әдістер мен тәсілдерді енгізілсін.

Төрайымы  А. Аксентова  
Хатшы  Н. Молдагайсина

